

## ҚР БЖҒМ-нің Академиялық ұтқырлық бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттерге шетелдік университетте семестр бойы оқуға мүмкіндік береді. Министрлік грантқа екі жаққа ұшу сапары, 120 күндік жатақхана, медициналық сақтандыру және визалық шығындар кіреді.

ҚР БЖҒМ грантына үміткерлерді іріктеу бойынша конкурс жыл сайын ақпан айынан бастап, сәуір айына дейін өткізіледі (ҚР БЖҒМ сұранысына сәйкес конкурс күндері өзгеруі мүмкін).

### Байқауға қатысу үшін:

- ✓ Сәтбаев Университетінің Халықаралық ынтымақтастық орталығына құжаттарды тапсыру керек.
- ✓ Ағылшын тілінен тест тапсырып, тіл білу деңгейін дәлелдейтін сертификат тапсыру керек.

**Ұсынылған құжаттар мен тесттің қорытындысы негізінде конкурстық комиссия озат үміткерлерді таңдап алады.**

**ҚР БЖҒМ құжаттарға қатысты талаптарды жыл сайын нақты анықтап отырады.**

### Үміткерлерге қойылатын талаптар:

- ✓ Үміткер бакалавриаттың 2-4-курсының немесе магистратураның 2-курс студенті болуы тиіс;
- ✓ Академиялық көрсеткіштері жоғары (орташа балл 3,5-тен жоғары) болуы керек;
- ✓ Ағылшын тілінде сертификатта дәлелденгендей (B2 және одан жоғары) еркін сөйлей білуі керек.



### Қажетті құжаттар тізімі:

- ✓ Ректордың атына жазылған өтініш;
- ✓ Шақыру қағазының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесі нотариальды түрде расталған болуы тиіс;
- ✓ Үш жақты келісімшарт;
- ✓ Факультеттің Ғылыми кеңесінен көшірме үзінді;
- ✓ Транскрипт;
- ✓ Шет тілді білетіндігі жөнінде сертификат;
- ✓ Жеке оқу жоспары;
- ✓ Медициналық анықтама (№082 үлгісі).

[Бағдарлама туралы толығырақ](#)